

"Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымының, "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымының, "Кәсіпқор" холдингі" коммерциялық емес акционерлік қоғамының тәжірибелерін ескере отырып, білім берудің барлық деңгейіндегі оқу үдерісіне қазіргі заманғы әдістер мен технологияларды енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 15 мамырдағы 98-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының, «Кәсіпқор» холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамының тәжірибелерін ескере отырып, білім берудің барлық деңгейіндегі оқу үдерісіне қазіргі заманғы әдістер мен технологияларды енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы, «Кәсіпқор» холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне Жоспарда көрсетілген мерзімге сәйкес іс-шаралардың орындалу барысы туралы а қ п а р а т б е р с і н .

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жартыжылдықтың қорытындысы бойынша Жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Жоспардың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т.Орынбаевқа жүктелсін.

5. Осы өкім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1 5

м а м ы р д а ғ ы

№

9 8 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының, «Кәсіпқор» холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамының тәжірибелерін ескере отырып, білім берудің барлық деңгейіндегі оқу үдерісіне

қазіргі заманғы әдістер мен технологияларды енгізу жөнінде іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шаралар атауы	Жауапты орындаушы (бірлесіп орындаушы)	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Болжамды шығындар
1	2	3	4	5	6
1	«Назарбаев университеті» ДБҰ, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ, «Кәсіпқор» холдингі» КАҚ тәжірибелерін оқу үдерісіне енгізу жөніндегі жұмыс топтарының отырыстары	БҒМ, «Назарбаев Университеті» ДБҰ (келісім бойынша), «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ (келісім бойынша), «Кәсіпқор» холдингі» КАҚ (келісім бойынша)	Жұмыс тобының отырысы	2012 жылғы мамыр - желтоқсан	Талап етілмейді
2	2012 жылғы педагог кадрлардың тамыз кеңестерінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ-ның тәжірибесін ескере отырып, орта білім беру ұйымдарының оқу үдерісіне қазіргі заманғы әдістер мен технологияларды енгізу жөніндегі секциялардың жұмыстарын ұйымдастыру	БҒМ, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ (келісім бойынша)	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ тәжірибелерін енгізу жөніндегі секциялардың болжамды тақырыбы	2012 жылғы шілде	Талап етілмейді
3	«Назарбаев Университеті» ДБҰ-ның, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ-ның, «Кәсіпқор холдингі» КАҚ-ның тәжірибелерін ескере отырып, білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқу үдерісіне қазіргі заманғы әдістер мен технологияларды енгізу жөніндегі Мемлекет басшысына баяндаманы Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне енгізу	БҒМ, АТО, «Назарбаев Университеті» ДБҰ (келісім бойынша), «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ (келісім бойынша), «Кәсіпқор» холдингі» КАҚ (келісім бойынша)	Баяндама	2012 жылғы маусым	Талап етілмейді
4	Атырау қаласында кадрлар даярлау және қайта даярлау өңірлік кәсіптік орталығын ашуға дайындық шеңберінде оқытушыларды қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру	БҒМ, «Кәсіпқор» холдингі» КАҚ (келісім бойынша)	ҚР БҒМ министріне ақпарат	2012 жылғы тамыз	«023 Мемлекеттік білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде көзделген қаражат шегінде
					«023 Мемлекеттік білім беру

5	Менеджерлер мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтарының «Наньянг Политехник» (Сингапур) колледжінің базасында білім алуын ұйымдастыру	БҒМ, «Кәсіпқор» холдингі» КАҚ (келісім бойынша)	ҚР БҒМ министріне ақпарат	2012 жылғы желтоқсан	ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде көзделген қаражат шегінде
6	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ сайтында орналастырылған пәндер бойынша веб-материалдарды базалық мектептер мұғалімдерінің пайдалануына жәрдемдесу	БҒМ, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ (келісім бойынша)	Ақпараттық хат	Үнемі	Талап етілмейді
7	Педагогикалық шеберлік орталықтарының, ҚР БҒМ-нің біліктілікті арттыру институттарының курстарында «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» тәжірибесі бойынша ҚР жалпы білім беру мектептері мұғалімдерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	БҒМ	БҒМ - е өңірлердің ақпараты	Үнемі	«023 Мемлекеттік білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде көзделген қаражат шегінде

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
АТО – ақпараттық-талдау орталығы
«Назарбаев Университеті» ДБҰ – «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы
«Кәсіпқор» холдингі» КАҚ – «Кәсіпқор» холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.